

Бекітемін
Мектеп директоры
А.Қамбарова



№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ата – аналар кеңесімен және жас жеткіншектер тәрбиелеуде атқарылатын жұмыстардың іс – шаралар жоспары

к/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп бойынша жалпы ата-аналар жиналысын өткізу 1. Ата – аналарға арналған психологиялық көңіл күйді көтеретін тренинг /педагог - психолог М.Асельбаева - Күн тәрбінде мынадай мәселелер қаралсын: 2. 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы, 2023 – 2024 жана оқу жылының міндеттері. Оқу барысының міндеті мен жауапкершілігі. Ақылы үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы /Баяндамашы Ж.Сатханбаев/ 3. Ата – аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Ата – аналардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау. Мектеп пен ата – аналар арасындағы келісім – шарт / Баяндамашы А. Тілен. Тәлімгер Л.Амирбекова/ 4. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, тұрмыстық зорлық зомбылықты, нашакорлықтың алдын алу шаралары туралы /ДТЖО А.Тілен/ 5. Балалардың өмір, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауы 6. Буллинг және кибербуллингті болдырмау және оның алдын алу / М.Асельбаева 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ҚР Заңын түсіндіру, мектепте әртүрлі себептермен ата – аналар тарапынан ақша жинауға қатаң тыйым салу туралы /Мектеп директоры А.Қамбарова/ 8. Ағымдағы мәселелер.	15.09.2023ж	Мектеп директоры А.Қамбарова ДОЖО Ж.Сатханбаев ДТЖО А.Тілен Ата- аналар кеңесі

2	Мектеп бойынша жалпы ата-аналар жиналысын өткізу 1. 2023-2024 оқу жылын аяқтау және оқушыларды аттестаттаудан өткізу туралы. Мемлекеттік емтихан, ҰБТ т.б /ДОЖО Ж. Сатханбаев/ 2. Балалардың жазғы сауықтыру демалысын тиімді ұйымдастыру, мектепалды жазғы сауықтыру жұмыстары. Жазғы демалыста оқушылардың жол жүру ережелері, қауіпсіздік техникасы, өмір қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары. /ДТЖО А. Тілен/ 3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығының талаптарын ата – аналарға таныстыру. Орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасы бойынша нормалар орындалмаған жағдайда ата – аналарға және басқа да заңды тұлғаларына қатысты әкімшілік қабылданатын шаралар тәртібімен таныстыру. «Соңғы қоңырау» іс – шарасы, мектеп бітіру кеші туралы /ДОЖО Ж.Сатханбаев, ДТЖО Тілен А/	12.04.2024ж	Мектеп директоры А.Қамбарова ДОЖО Ж.Сатханбаев ДТЖО А.Тілен Ата- аналар кеңесі
3	Әрбір сыныпта ата-аналар жиналысын өткізу. Сыныптар бойынша ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау.	Қыркүйек	1-11 сынып жетекшілер
4	Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру .Балаларға берілетін тәрбиенің әсерін бір ізге түсіру мақсатында отбасы мен мектептің байланысын басқару, нығайту	қазан	Мектеп әкімшілігі
5	Мектеп өміріндегі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында ата – аналар қауымын белсенді қатысуға жұмылдыру	Кезінде	Мектеп әкімшілігі Ата – аналар кеңесі
6	Мектептегі жетім, жартылай жетім, ата – ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына қамқорлық көрсетіп отыру. «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру	Кезінде	Мектеп әкімшілігі Ата – аналар кеңесі Әлеуметтік педагог

7	Ата – аналар жиналыстарында мына тақырыптарда баяндама оқу: 1. «Баланың бас ұстазы – ата – ана!» 2. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастықтың, панасыздықтың, бала еңбегін қанаудың, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың, өз-өзіне қол жұмсаудың, діни экстремизмге, терроризмге, адам саудасына, нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары туралы 3. «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың жауапкершіліктері» 4. Буллинг және кибербуллингті болдырмау және оның алдын алу 5. Ата – аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ҚР Заңын түсіндіру	Қыркүйек Қараша Ақпан Жыл бойы Жыл бойы	М. Асельбаева А.Тілен Ата – аналар кеңесі Ж.Укибаева Педагог – психолог М.Асельбаева А.Тілен Мектеп директоры А.Қамбарова
8	Оқушылардың жазғы сауықтырумен қамтылуына көмек беру	Кезінде	Мектеп әкімшілігі Ата – аналар кеңесі
9	Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында күндізгі және түнгі рейдтік іс – шаралар, мектепшілік профилактикалық іс - шаралар ұйымдастыру	Айына бір рет	Мектеп әкімшілігі Ата – аналар кеңесі Мобильдік топ мүшелері
10	Ата – аналарға «Ашық есік» күнін ұйымдастыру	Тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі
11	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ата – аналарға, мектеп оқушыларына ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Ата – аналар кеңесі Ж.Укибаева Л.Амирбекова сынып жетекшілер

Орындаған: Тілен А

28 – 08 – 60

Шымкент қаласының білім басқармасының Коммунальное государственное
№117 «Алтынтобе» жалпы учреждение
орта білім беретін мектебі» «Общеобразовательная средняя
коммуналдық мемлекеттік мекемесі школа №117 Алтынтобе»
управление образования города Шымкент

160607 Шымкент қаласы, 293 кв, 5 ғимарат
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

160607 город Шымкент, кв 293 , здание 5
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Бұйрық № 119 н/к
2023 жыл 13 қыркүйек
Шымкент қаласы

Приказ № 119
2023 год 13сентябрь
город Шымкент

**Ата – аналар жиналысын
өткізу туралы**

Мектепте бала тәрбиесіндегі ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, ата – аналар мен
мектеп арасындағы байланысты күшейту мақсатында **Бұйрамын:**

1. 2023 жылдың 15 қыркүйек күні сағат 11:00 де мектептің акт залында ата – аналар жиналысы өткізілсін. /Жауапты: А. Тілен/
2. Ата – аналарға арналған психологиялық көңіл күйді көтеретін тренинг /педагог - психолог М.Асельбаева
3. Күн тәрбінде мынадай мәселелер қаралсын:
 1. 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы, 2023 – 2024 жана оқу жылының міндеттері. Оқу барысының міндеті мен жауапкершілігі. Ақылы үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы /Баяндамашы Ж.Сатханбаев/
 2. Ата – аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Ата – аналардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау. Мектеп пен ата – аналар арасындағы келісім – шарт / Баяндамашы А. Тілен. Тәлімгер Л.Амирбекова/
 3. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, тұрмыстық зорлық зомбылықты, нашакорлықтың алдын алу шаралары туралы /ДТЖЖО А.Тілен/
 4. Балалардың өмір, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауы
 5. Буллинг және кибербуллингті болдырмау және оның алдын алу / М.Асельбаева
 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ҚР Заңын түсіндіру, мектепте әртүрлі себептермен ата – аналар тарапынан ақша жинауға қатаң тыйым салу туралы /Мектеп директоры А.Қамбарова/
 7. Ағымдағы мәселелер.
4. Ата – аналар жиналысын өз дәрежесінде ұйымдастыру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  А.А.Қамбарова



№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
ата – аналармен өткен жиналыстың

Хаттамасы №1

15.09.2023ж

Шымкент қаласы

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі

Ата – аналар- 58

Сынып жетекшілер - 17

Күн тәртібінде:

1. Ата – аналарға арналған психологиялық көңіл кұйді көтеретін тренинг /педагог- психолог М.Асельбаева/
2. 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы, 2023 – 2024 жаңа оқу жылының міндеттері. Оқу барысының міндеті мен жауапкершілігі. Ақылы үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы /Баяндамашы Ж.Сатханбаев/
3. Ата – аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Ата – аналардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау. Мектеп пен ата – аналар арасындағы келісім – шарт / Баяндамашы А. Тілен. Тәлімгер Л.Амирбекова/
4. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, тұрмыстық зорлық зомбылықты, нашакорлықтың алдын алу шаралары туралы /А.Тілен/
5. Балалардың өмір, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауы
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ҚР Заңын түсіндіру, мектепте әртүрлі себептермен ата – аналар тарапынан ақша жинауға қатаң тыйым салу туралы /Мектеп директоры А.Қамбарова/
7. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова күн тәртібіндегі мәселелермен ата – аналарды таныстырып өтті. Мектептің педагог психолгі М.Асельбаева ата – аналарға арналған психологиялық көңіл кұйді көтеретін тренинг ұйымдастырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселелер бойынша сөз алған директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Сатханбаев 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысына, 2023 – 2024 жаңа оқу жылының міндеттеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар оқу барысының міндеті мен жауапкершілігіне , мектепте жүргізілетін ақылы үйірмелер «Нұрлы» домбырашылар, «Волейбол», «Шұғыла» би үйірмесінің жұмысының жүргізілу барысына тоқталып өтті.. Биылғы жаңа оқу жылында мектепте 45 мұғалім оқушыларға сапалы білім , саналы тәрбие беруде

жұмыстар жүргізеді. Жалпы мектеп бойынша оқушылар саны – 304. Дайындық тобында 31 тәрбиеленуші білім алуға.

Мектеп 2023 – 2024 жаңа оқу жылына мынадай міндеттерді алға қойды:

1. Білім беру мен тәрбиелеудің жаңа технологиясын жұмыс процесіне енгізу және оқушылардың білім сапасының деңгейін көтеруде әрбір мұғалімнің жауапкершілігін арттыру;
2. Мектепте әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру;
3. Дарынды балалармен жұмысты жолға қою;
4. Мұғалімдер және ата- аналар, оқушылар арасында құқықтық заңдарды оқытуды ұйымдастыру;
5. Ата – аналар, камкоршылық кеңесінің және басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсартуға ықпал ету;
6. Мектеп жасындағы балаларды мектепке тару;
7. Мектеп жасындағы оқушылардың денсаулығын арттыру мақсатында салауатты өмір салтын уағыздау;
8. Мұғалімдердің озық тәжірибелерін зерттеп, тарату;
9. Пән бойынша бағдарламаның орындалуы;
10. Оқушыларды толық үлгерімге жеткізу;
11. Мектептің көмекші шаруашылығын жандандыру ;

Сөз алған мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен Ата – аналарды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды, ол өз сөзінде оқушылардың құқықтары, оқушылардың міндеттері, ата – аналардың құқықтары мен міндеттері, мектептің құқықтары мен міндеттері туралы , соның ішінде сабақтан тыс уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушыларды үйірмелерге қатыстыру, жолда жүрген уақытта жол ережелерін қатаң ұстануды қадағалау, мектепшілік және аула кезекшілік жұмыстарын жүйелі жүргізу, діни экстремистік терроризмнің алдын алу, тиым салынған әлеуметтік желілерді пайдаланбау, кешкі сағат 22:00 –ден кейін ойын – сауық орталықтарына, 23:00 –ден кейін үй ауласынан тыс жерлерде жүрмеуін қадағалау, баласының ұялы телефонын үнемі тексеріп отыру, мінез – құлық ережесін сақтау, күнделікті сабаққа қатысты заттарды түгел алып келу және сабаққа қатысы жоқ заттарды мектеп ауласына кіргізбеу, сабаққа фото аппаратты, бейнекамерасы бар (смартфон) ұялы телефондарды алып келмеуін қатаң бақылауда ұстауын, мектеп формасының т.б. айтып өтті. Сонымен қатар ата – ананың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы бойынша, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде болуына жол беру бойынша, 18 жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын сату бойынша әкімшілік айыппұл салынған. Әкімшілік және қылмыс жасаған адам 16 жасқа толса жауаптылыққа тартылады, бұл Қылмыстық кодекспен реттеледі. Ал ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамның жауапкершілігі 14 жастан басталады. Мысалы, егер адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрласа ол ұрлық болады, ал бөтеннің мүлкін ашық тартып алса бұл тонау қылмысы болады. Қылмыстардың ең ауыры жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы жасалған қылмыстар. Осыларды айта келе, жасөспірімдерге қатысты жасалынып жатқан құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар алаңдатады, сонымен қатар ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, тұрмыстық зорлық зомбылықты, нашақорлықтың алдын алу шараларына тоқталып өтті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Білім туралы 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы, мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау туралы, мектеп пен ата – аналар арасындағы келісім барлық 1-11 сынып ата – аналарымен екі жақты түзілген, онда келісім – шарттың мәніне, тараптардың құқықтары мен міндеттеріне, білім алушылардың ата – аналары мен өзге де заңды өкілдерінің міндеттеріне, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері, білім алушыларына қойылатын талаптар, келісімшартты өзгерту және бұзу талаптарына тоқталып өтті.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте турникет, дабыл нүктелері іске қосылғанын, мектептің ішкі мен сыртында бейнебақылау камералары орнатылғанын, бәрінің жұмыс жасап тұрғанын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы ҚР Заңын, мектепте әртүрлі себептермен ата – аналар тарапынан ақша жинауға қатаң тыйым салу туралы т.б. түсіндіріп өтті.

Сөз алған ата - аналар Егізбаева Г, Джамалова Г ата – аналар жиналысында қойылған күн тәртібіндегі мәселелерді құптайтындығын, өткен 2022 – 2023 оқу жылында атқарылған оқу – тәрбие жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарды ата – аналар кеңесімен бірлесе отырып, жүйелі атқаруды, ата – аналарға балаларын себепсіз сабақтан алып қалмауы, қазіргі қоғамдағы қылмыстың өршуі тек жасөспірімдер арасында болып жатқандығы, түнгі уақытта өз балаларын үйден шығармауы, қатаң бақылап отыру керектігін айтты.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әлікүл көп ата – аналардың құқықтық сауаттылығының төмендігінен өз балаларына жауапсыздықпен қарайды. Сондықтан ата – аналар «Ата – аналардың құқықтары мен міндеттерін» білуіміз керек. Қазіргі таңда көп қылмыстар кәмелетке толмағандар арасында болып жатқандығы бізді алаңдатуы керек. Біз балаларымыздың немен айналысып жатқанын, ұялы телефонды (смартфон т.б.) мүлдем ұстатпауымыз керек, осы ұялы телефон әсерінен балаларымыз көптеген сайттарға кіріп, келеңсіз жағдайларға ұрынуы мүмкін, басқа жерлерде өздерініз естіп -біліп жатқандай келеңсіз оқиғалар болып жатқаны баспасз беттерінде, теледидардан көрсетіп жатыр деп сөзін сабақтады.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова ата- аналар мен мектеп ұжымының тығыз байланыста болуы, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде жұмыстар атқарып жатқандығына тоқталып өтті. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі, сол оқушылардың бос уақытын тиімді, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады.

Жиналысқа қатысқан ата – аналар жоғарыда айтылған сөздерді бірауыздан қуаттады.

Қаулы етеді:

1. 2022 – 2023 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2023 – 2024 жаңа оқу жылының міндеттері толық іске асырылсын;
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі толығымен іске асырылсын.
3. Ата – аналарға «Ата – аналардың құқықтары мен міндеттері» туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

4. Мектеп оқушылары арасында мектеп формасына қойылатын талаптар сақталсын.
5. Балалардың өмір, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауы қолға алынсын. Күзет, мектепшілік кезекшілік, аула кезекшілік жұмыстары жандандырылсын.
6. Мектепте әртүрлі себептермен ата – аналар кеңесі тарапына, ата – аналардан ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.
7. Оқушылардың сабаққа қатысуы, білім дейгейі ата – аналар мен мектеп ұжымы арасындағы байланыс арттырылсын;

Жиналыс төрағасы:  А.Қамбарова

Жиналыс хатшысы:  Л. Амирбекова



№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың, әлімжеттіктің алдын алу», «Балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында өткізілген ата – аналар жиналысының хаттамасы

Өтетін орын:
Мектептің акт залы

Өтетін уақыт:
27.10.2023ж сағат 16:00-де

Қатысқандар:

Ата – аналар – 48
Мектеп ұжымы – 31

Күн тәртібінде:

1. Мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің, әлімжеттіктің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу туралы. /Баяндамашы А. Тілен/
2. Ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы. /Баяндамашы Л.Амирбекова/

Тыңдалды:

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова күн тәртібінде қаралатын мәселелерді айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу туралы баяндап өтті. Ол өз сөзінде жасөспірімдерге қатысты қылмыс деңгейін төмендету, ерте жүктіліктің және аутодеструктивті мінез-құлықтың, діни экстремизмнің, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің алдын-алу бойынша іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілген. Балалардың ата-анасы тарапынан «Шыдамсыздық» қағидасын мектепке енгізу мақсатында барлық сынып жетекшілер әр сыныпта ата – аналар ватсабын іске қосып, ата – аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізуде. Мектепте бала тәрбиесіндегі ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, отбасы тәрбиесін насихаттау мақсатында Аналар кеңесі, әжелердің қатысуымен мектептің жоғары 10 – 11 сынып қыздары арасында «Ұл мен қыз – ұлт намысы» кешенді іс – шарасы негізінде «Әжелер тәрбиесі» тақырыбында қыздар арасында жиналыс, «Отбасы-тәрбие айнасы» коучинг, «Отбасылық әдептілік т.б.тақырыптарда іс – шаралар өткізіліп отырылды, «Отбасы құндылықтары» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алынып отырылды. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің, әлімжеттіктің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектептің 7 – 11 сынып ұлдар және қыздар арасында «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, ертежүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, алдын алу» тақырыбында баяндамалар оқылып, жиналыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылады. Мектепте мобильдік топ мүшелерінің, ата – аналар кеңесінің қатысуымен айына екі рет мектепішілік рейд, айына бір рет күндізгі, түнгі рейд кестесі түзіліп, кестеге сәйкес профилактикалық рейдтік іс – шаралар жүргізіліп отырылды.

Ата – аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында мектепте ата – аналар жиналысы өткізіліп отырылады. Ата – аналар жиналыстарында «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың ролі», «Баланың бас

ұстазы – ата – ана!», «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың жауапкершілігі» «Ата – ананың құқықтары мен міндеттері», «Міндетті мектеп формасының сақталуы т.б. тақырыптар қамтылып, талқыланып отырылды. Сонымен қатар мектепте кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыссыз жарқын болашақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері өз дәрежесінде ұйымдастырылып отырылды. Бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және әсіресе бейбітшілік, қадір – қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухта тәрбиеленуге тиіс. Әрбір бала өмір сүру құқығына міндетті. Бала өз ойын, пікірін еркін жеткізуге құқылы. Ата – ана бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін бірге тартады. Әрбір бала өзінің ойлық, рухани, адамгершілік пен әлеуметтік дамуына лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етудің негізгі жауапкершілігі ата – анаға жүктеледі.

Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық дамуына бағытталуы керек. Білім баланы азат қоғамдағы ересек әрі белсенді өмірге дайындауы керек. Сондай – ақ ол ата – ананы құрметтеуге, халқының мәдени ерекшелігін, тілін, құндылықтарын, ділін құрметтеуге міндетті.

Ұлы ойшыл Әль – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген сөз дәлелмен айтылса керек.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында, яғни мектеп жасындағы балалардың әртүрлі қылмысқа баруының себебі неде? Қайткенде қылмысты алдын алуға болады?

Бұған отбасындағы тәрбиенің аздығы әсер етеді деп ойлаймын. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауында мектеп оқушыларының біліміне, жалпы ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мұндай міндетті атқаруға мұғалімдерге қатаң жауапкершілік жүктелді.

Мұғалімдер балаға тек білім беруді ғана мақсат етіп қоймайды, ең алдымен оның ертенгі күні жан-жақты толыққанды азамат болып шығуына ерекше көңіл бөледі. Алайда неліктен жасөспірімдер арасындағы қылмыс бәсеңдер емес? Менің ойымша балалаға ұлттық тәрбие беруде отбасының ролі ұмыт қалған тәрізді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген, «Отан-отбасынан басталады», - десек ең алдымен балаға тәрбие негізі отбасында қаланады. Тәртіп бар жерде теңдік орнайды, теңдік бар жерде ешкімде шет қалмайды. Жасөспірімдер қылмысына қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ол педагогикалық ұжым мен ата-аналар, қамқоршылық кеңестері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірлескен өзара тығыз әрекеті.

Жалпы алғанда еліміздің әр баласы – мемлекеттің болашағы. Олардың тәрбиесіне, құқығына, қауіпсіздігіне, өміріне мән беріп, бос уақытын қалай өткізетіндігіне назар аудару керек. Балалардың өміріне қатысты барлық жағдайлар елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені баланың өмірі мен тағдыры, сауатты білім алуы бәрінен қымбат. Оның қалыптасуына, өмірде дұрыс адам болып өсуіне қоғам болып ат салысуымыз қажет. Ең бастысы, кез келген баланы қылмыс әлемінен алшақтатудың, соның құрығынан құтқарудың жолдарын табуына Сіздерді құрметті ата – аналар үлес қосуға шақырамын! - деп сөзін сабақтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған аға тәлімгер Л. Амирбекова ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы баяндап, мектепшілік ереже мен жарғыларымен таныстырып өтті. Ол өз сөзінде оқушылардың, ата – аналардың құқықтары мен міндеттері, яғни мектепте күнделікті сабаққа қатысты заттарды түгел алып келу және сабаққа қатысы жоқ заттарды мектеп ауласына кіргізбеу, сабаққа фото аппараты, бейне камерасы бар (смартфон) ұялы телефондарды алып келмеу, ұстамау, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау, құқық бұзушылықтың немесе келеңсіз оқиғалардың куәсі болған жағдайда шұғыл тиісті мекемелерге хабарлау, сабақтан тыс уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында үйірмелерге қатысу, мектеп мүлкіне қамқорлықпен қарау, бөгде тұлғалармен мейлінше қарым-қатынас жасамау, жолда жүрген уақытта жол ережелерін қатаң

ұстану, тиым салынған әлеуметтік желілерді пайдаланбау, кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерлерде ата-аналарының ертіп жүруінсіз жүрмеу, мектепке бөгде адамдардың кіруіне қатаң тыйым салу, т.б. туралы айтып өтті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әлікүл жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін, ол зиянды әдеттер. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Сондай – ақ жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін нәрсе – әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс. Сондықтан да болашақта әлеуеттілікке жеткізетін бірден бір жол – білім жолы, ақыл, жігерлілік, еңбекқорлық дегім келеді деп сөзін сабақтады.

Жарыссөзге 4 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірін білдірді.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова жиналысты қорытындылай келе жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі, сол, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. Мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу шаралары жүзеге асырылсын.
2. Ата – аналар арасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

 А.Қамбарова

Хатшысы:

 Л.Амирбекова



Жүз Он Жетінші Мектеп


15 сент. • 🌐

...

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты
№ 117 "Алтынтөбе" жалпы орта білім беретін
мектебінде

2023 жылдың 15 қыркүйегі күні сағат 11.00-де
мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы болып
өтті.

*Күн тәртібі... Ещѐ



Шымкент қаласының білім басқармасының
«№117 «Алтынтобе жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №117 Алтынтобе»
управление образования города
Шымкента

БҰЙРЫҚ
2024 жыл 02 мамыр
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 39 н/к
город Шымкент

**Ата – аналар жиналысын
өткізу туралы**

Мектепте қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың құқығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 04 мамыр күні сағат 12:00- де мектептің акт залында «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілсін. /А. Тілен/.
2. Ата – аналар жиналысына мектептің 1 – 11 сынып ата – аналары қатыстырылсын. /Сынып жетекшілер/.
3. Ата – аналар жиналысын өз дәрежесінде ұйымдастырып өткізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.Қамбарова

Орындаған: А.Тілен

№ 117 «Алтынтобе» жалпы орта білім беретін мектебінде «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу», «Балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында өткізілген ата – аналар жиналысының хаттамасы № 3

Өтетін орын:
Мектептің акт залында

Өтетін уақыт:
04.05.2024ж сағат 12:00-де

Қатысқандар:
Ата – аналар – 53
Мектеп ұжымы – 36

Күн тәртібінде:

1. 2023 – 2024 оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы бойынша атқарған жұмыстары және алда атқарылатын жұмыстар туралы. /Баяндамашы А. Тілен/
2. «Баланың құқығын қорғау – қоғамның міндеті» психологиялық тренинг.
/Баяндамашы М. Асельбаева/
3. «Баланың өмірі бәрінен де қымбат» тақырыбында балалардың қауіпсіздігі туралы (Балалардың тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата – аналарға жауапкершілігі туралы)
/Баяндамашы А. Тілен/
4. Ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы. (мектепшілік ережемен таныстыру т.б.)
/Баяндамашы Л. Амирбекова/

Тыңдалды:

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен 2023 – 2024 оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы бойынша атқарған жұмыстары және алда атқарылатын жұмыстар туралы баяндады. Ол өз сөзінде Мектепте «Шымкент- қауіпіз қала» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жасөспірімдерге қатысты қылмыс деңгейін төмендету, ерте жүктіліктің және аутодеструктивті мінез-құлықтың, діни экстремизмнің алдын-алу бойынша іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілген. Балалардың ата-анасы тарапынан «Шыдамсыздық» қағидасын мектепке енгізу мақсатында барлық 17 сынып жетекшілер әр сыныпта ата – аналар чаты ашылып, ата – аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізуде. Мектепте бала тәрбиесіндегі ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, отбасы тәрбиесін насихаттау мақсатында Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық мектебі» жобасы аясында Аталар, әжелер, ағалар, жеңгелер мектебі бойынша мектеп оқушыларының қатысуымен «Ұл мен қыз – ұлт намысы» кешенді іс – шарасы негізінде «Әжелер тәрбиесі» тақырыбында қыздар арасында жиналыс, «Отбасы-тәрбие айнасы» коучинг, «Отбасылық әдептілік т.б.тақырыптарда іс – шаралар, «Сырлы жеңге, сұлу қыз», «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» тақырыптарында іс – шаралар өткізіліп отырылды, «Отбасы құндылықтары» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алынып отырылды. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектептің 7 – 11 сынып ұлдар және қыздар арасында «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың алдын алу» тақырыбында баяндамалар оқылып, жиналыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепте мобильдік топ мүшелерінің, ата – аналар кеңесінің қатысуымен айына екі рет мектепшілік рейд, айына бір рет күндізгі, түнгі рейд кестесі түзіліп, кестеге сәйкес профилактикалық рейдтік іс – шаралар жүргізіліп отырылды.

Ата – аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында мектепте ата – аналар жиналысы өткізіліп отырылады. Ата – аналар жиналыстарында «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың ролі», «Баланың бас ұстазы – ата – ана!», «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың жауапкершілігі» «Ата – ананың құқықтары мен міндеттері», «Міндетті мектеп формасының сақталуы т.б. тақырыптар қамтылып, талқыланып отырылды. Сонымен қатар мектепте кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыссыз жарқын болашақ» онкүндіктері өз дәрежесінде ұйымдастырылып отырылды. Бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және әсіресе бейбітшілік, қадір – қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухта тәрбиеленуге тиіс. Әрбір бала өмір сүру құқығына міндетті. Бала өз ойын, пікірін еркін жеткізуге құқылы. Ата – ана бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін бірге тартады. Әрбір бала өзінің ойлық, рухани, адамгершілік пен әлеуметтік дамуына лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етудің негізгі жауапкершілігі ата – анаға жүктеледі.

Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық дамуына бағытталуы керек. Білім баланы азат қоғамдағы ересек әрі белсенді өмірге дайындауы керек. Сондай – ақ ол ата – ананы құрметтеуге, халқының мәдени ерекшелігін, тілін, құндылықтарын, ділін құрметтеуге міндетті.

Ұлы ойшыл Әль – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген сөз дәлелмен айтылса керек.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында, яғни мектеп жасындағы балалардың әртүрлі қылмысқа баруының себебі неде? Қайткенде қылмысты алдын алуға болады?

Бұған отбасындағы тәрбиенің аздығы әсер етеді деп ойлаймын. Елбасымыз жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында мектеп оқушыларының біліміне, жалпы ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мұндай міндетті атқаруға мұғалімдерге қатаң жауапкершілік жүктелді.

Мұғалімдер балаға тек білім беруді ғана мақсат етіп қоймайды, ең алдымен оның ертенгі күні жан-жақты толыққанды азамат болып шығуына ерекше көңіл бөледі. Алайда неліктен жасөспірімдер арасындағы қылмыс бәсеңдер емес? Менің ойымша балалаға ұлттық тәрбие беруде отбасының ролі ұмыт қалған тәрізді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген, «Отан-отбасынан басталады», - десек ең алдымен балаға тәрбие негізі отбасында қаланады. Тәртіп бар жерде теңдік орнайды, теңдік бар жерде ешкімде шет қалмайды. Жасөспірімдер қылмысына қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ол педагогикалық ұжым мен ата-аналар, қамқоршылық кеңестері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірлескен өзара тығыз әрекеті.

Жалпы алғанда еліміздің әр баласы – мемлекеттің болашағы. Олардың тәрбиесіне, құқығына, қауіпсіздігіне, өміріне мән беріп, бос уақытын қалай өткізетіндігіне назар аудару керек. Балалардың өміріне қатысты барлық жағдайлар елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені баланың өмірі мен тағдыры, сауатты білім алуы бәрінен қымбат. Оның қалыптасуына, өмірде дұрыс адам болып өсуіне қоғам болып ат салысуымыз қажет. Ең бастысы, кез келген баланы қылмыс әлемінен алшақтатудың, соның құрығынан құтқарудың жолдарын табуына Сіздерді құрметті ата – аналар үлес қосуға шақырамын! - деп сөзін сабақтады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен балалардың қауіпсіздігі туралы, соның ішінде балалардың тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата – аналардың жауапкершілігі туралы баяндап, жиналысқа қатысқан ата – аналарға «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» тақырыбында ата – аналарға сауалнама беріп, «Кәмелетке толмағандар мен ата – аналарға, заңды өкілдеріне құқықтық көмек» тақырыбында брошюралар таратып, өз ой – пікірін баяндады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған мектеп тәлімгері Л. Амирбекова ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы

баяндап, мектепшілік ереже мен жарғыларымен таныстырып өтті. Ол өз сөзінде оқушылардың, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, яғни мектепте күнделікті сабаққа қатысты заттарды түгел алып келу және сабаққа қатысы жоқ заттарды мектеп ауласына кіргізбеу, сабаққа фото аппараты, бейне камерасы бар (смартфон) ұялы телефондарды алып келмеу, ұстамау, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығындағы екінші бөліміндегі орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау, құқық бұзушылықтың немесе келеңсіз оқиғалардың куәсі болған жағдайда шұғыл тиісті мекемелерге хабарлау, сабақтан тыс уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында үйірмелерге қатысу, мектеп мүлкіне қамқорлықпен қарау, бөгде тұлғалармен мейлінше қарым-қатынас жасамау, жолда жүрген уақытта жол ережелерін қатаң ұстану, тиым салынған әлеуметтік желілерді пайдаланбау, кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерлерде ата-аналарының ертіп жүруінсіз жүрмеу т.б. туралы айтып өтті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әлікүл жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін, ол зиянды әдеттер. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Сондай – ақ жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін нәрсе – әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс. Сондықтан да болашақта әлеуеттілікке жеткізетін бірден бір жол – білім жолы, ақыл, жігерлілік, еңбекқорлық дегім келеді деп сөзін сабақтады.

Жарыссөзге 5 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірін білдірді.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова жиналысты қорытындылай келе жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі, сол, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. 2023 – 2024 оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын және алда атқарылатын жұмыстар жүзеге асырылсын.
2. Балалардың тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата – аналардың жауапкершілігі арттырылсын.
3. Мектеп пен ата – аналар арасындағы байланыс күшейтілсін.
4. Мектепшілік тәртіп ереженің сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрағасы:  А.Қамбарова
Хатшысы:  Л. Амирбекова



Шымкент қаласының білім басқармасының
№117 «Алтынтобе» жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №117
Алтынтобе»
управление образования города
Шымкент

БҰЙРЫҚ
2024 жыл 15 мамыр
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ _____ н/қ
город Шымкент

**Ата – аналар жиналысын
өткізу туралы**

Мектепте жалпы ата – аналар жиналысын өткізу мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепте 2024 жылдың 21 мамыры күні жалпы ата – аналар жиналысы мектептің акт залында сағат 16 – 00 де өткізілсін.
2. Ата-аналар жиналысына ата-аналар кеңесінің құрамы, жалпы ата-аналар шақырылсын.
3. Ата – аналар жиналысын өз дәрежесінде ұйымдастыру педагог ұйымдастырушы Ж.Укибаеваға және тәлімгер Л. Амирбековаға міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын басшылық жасау және қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.Қамбарова



Орындаған: А.Тілен
тел: 28 – 08 -60

№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген
ата – аналар жиналысының
Хаттамасы № 4

Өткен орны:
Мектептің акт залы

Өткен уақыты:
21.05.2024 ж сағат 16:00
Қатысқандар:
Ата – аналар – 61
Мектеп ұжымы – 34

Күн тәртібінде:

1. 2023 -2024 оқу жылын аяқтау және оқушыларды аттестаттаудан өткізу туралы.
Мемлекеттік емтихан, ҰБТ т.б /ДОЖЖО Ж. Сатханбаев/
2. Балалардың жазғы сауықтыру демалысын тиімді ұйымдастыру, мектепалды жазғы сауықтыру жұмыстары. Жазғы демалыста оқушылардың жол жүру ережелері, қауіпсіздік техникасы, өмір қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары. /ДТЖО А. Тілен/
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығының талаптарын ата – аналарға таныстыру.
Орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы
Білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасы бойынша нормалар орындалмаған жағдайда ата – аналарға және басқа да заңды тұлғаларына қатысты әкімшілік қабылданатын шаралар тәртібімен таныстыру.
«Соңғы қоңырау» іс – шарасы, мектеп бітіру кеші туралы / ДТЖО Тілен А/

Тыңдалды.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Сатханбаев 2023-2024 оқу жылын аяқтау және оқушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы, оқу жылын аяқтаудың мерзімдерін, жалпы оқу жылын аяқтауды қамтамасыз ету, мемлекеттік емтихан, ҰБТ туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен балалардың жазғы сауықтыру демалысын тиімді ұйымдастыру, мектепалды жазғы сауықтыру жұмыстарына, биылғы оқу жылында 2 топ, 27.05 – 21.06.2024 жылы аралығында жазғы сауықтыру алаңы жұмыс істейтінін айтып өтті. Сонымен қатар жазғы демалыста оқушылардың жол жүру ережелері, қауіпсіздік техникасы, өмір қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сынып жетекшілері өз сынып ата – аналарына хабарлама, ата – аналар мен оқушыларға ескертпе қағаздарының таратылғанына т.б. тоқталып өтті. Жалпы ата – аналарды оқушылардың жол, өмір қауіпсіздігіне бей – жай қарамай, жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығының талаптарымен ата – аналарды таныстырып өтті. Бұл бұйрықтың басты мақсаты оқушылар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті жою, қылмыстың алдын алу болып табылады. Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:
1. Жалпы ережелер туралы, 2. Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына

қойылатын талаптар, 3. Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау, соның ішінде : 1. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады. 2. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі. 3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. 4. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. 5. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. 6. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады. 7. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады. 8. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук тігіледі. 9. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. 10. Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады. 11. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады. 12. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады. 13. Мектеп формасын енгізу барысында мата құрамына назар аударылады. 14. Мектеп формасының матасы ретінде қасиеттері жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар қолданылады. 15. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын орта білім беру ұйымы мен қоғамдық кеңес айықындайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі. 16. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қоғамдық кеңеспен келісу арқылы қабылданады. 17. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.- деп сөзін сабақтады. Сонымен қатар орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы айтып өтті.

Биылғы оқу жылында мектептегі «Соңғы қоңырау» іс - шарасы Шымкент қаласы білім басқармасының «Білім беру ұйымдарында 2023 – 2024 оқу жылын аяқтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» туралы 10.05.2024 жылғы № 197 –н/қ бұйрығын басшылыққа ала отырып 2024 жылдың 25 мамыр күні бітіруші 11 сыныптар үшін мектеп ауласында сағат 08:30 мен 09:30 аралығында өткізілетініне, бітірушілерге жалпы орта білім туралы аттестатын тапсыру кештері 2024 жылдың 12 -15 маусым аралығында ұйымдастырылатыны, бітіру кештері мектеп қабырғасынан тыс жерлерде немесе арнайы көңіл көтеретін мекемелерде өткізілмеуі , тек қана мектеп аумағында өткізілу керектігіне, 2024 жылдың 25 мамыр күні оқушылардың автошеру жасауға, демалыс орындарына, көңіл көтеру орындарына, қала сыртындағы демалыс орындарына баруына қатаң тыйым салу, сонымен қатар түрлі себептермен ата – аналар кеңесі тарапынан ақша жинауға қатаң тыйым салынатыны т.б. туралы ата – аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілгеніне тоқталып өтті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әліқұл Орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы ұсынысты айтып өтті.

Жалпы ата – аналар жиналысында 6 адам шығып жарыссөзге шығып, өз ой – пікірлерін білдіріп, орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы ұсынысты қолдайтындықтарын айтып өтті.

Жалпы ата – аналар жиналысы күн тәртібіндегі мәселені жан – жақты талқылай келе

Шешім етеді:

1. Оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылсын. Жазғы демалыста оқушылардың жол жүру ережелері, қауіпсіздік техникасы, өмір қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ережелер сақталсын, ата – аналардың жауапкершілігі арттырылсын.
2. Орта білім беру үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілсін.
3. 2024 жылдың 25 мамыр күні оқушылардың автошеру жасауға, демалыс орындарына, көңіл көтеру орындарына, қала сыртындағы демалыс орындарына баруына қатаң тыйым салынсын және ата – аналарға, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4. Түлектер іс – шарасы тек қана мектеп шеңберінде, тек қана мектеп аумағында өткізілсін.
5. Мектеп бітірушілер мен олардың ата – аналарынан түрлі себептермен акша жинауға қатаң тыйым салынсын.

Жиналыс төрағасы:

А.Қамбарова

Жиналыс хатшысы:

Л. Амирбекова

